



ЖАҢАӨЗЕН



xat.janaozen-gazeti@mail.ru

№95 /2284/

30 ҚАҢТАР 2026 ЖЫЛ

1990 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ГАЗЕТ АПТАНЫҢ ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ

ӘСКЕРИ ӨМІРГЕ ҚАДАМ

5548 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ 2-2025 ШАҚЫРЫЛЫМ ЖАС САРБАЗДАРЫНА ЖАУЫНГЕРЛІК ҚАРУ ТАБЫСТАУ РӘСІМІ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ӨТТІ.

Бұл маңызды іс-шара жас сарбаздардың әскери өмірге толық қадам басқанын білдіріп, Отан қорғау жолындағы үлкен жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік берді.

Рәсім барысында жас жауынгерлерге қару-жарақты ұқыпты сақтау, оны дұрыс пайдалану, әскери тәртіп пен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау жөнінде түсіндірілді. Сонымен қатар, іс-шара барысында бөлім командирі, әскери бөлім ардагерлері, Жаңаөзен қаласы полиция басқармасының өкілдері тарапынан сарбаздарға антқа адал болу, жауынгерлік дайындықты үздіксіз жетілдіру және бірлік пен бауырмалдықты сақтау туралы тағылымды өсиет айтылды.

Жауынгерлік қару табыстау - әр сарбаздың әскери қызметіндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл сәт олардың бойында патриоттық рухты күшейтіп, Отан алдындағы қасиетті борышын абыроймен атқаруға жігерлендірді.

Ел қорғаны болар жас сарбаздарға мықты тәртіп, темірдей төзім және сәтті қызмет тілейміз!

Жанайым ЖАРЫЛҚАП.



«Taza Aumaq»: қала тазалығы - ортақ іс

ҚАЛА АУМАҒЫНДА ҚЫСҚЫ СЕНБІЛІК АЯСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ «TAZA AUMAQ» АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРА ЖАСЫЛ ЖЕБЕ (GIBRATPRO), ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ ЖӘНЕ «БАЙТАҚ» ЖАСЫЛДАР ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ӨТТІ.



Акция барысында волонтерлер қала шетіндегі және ашық алаңдарда жиналған тұрмыстық қалдықтар мен пластик пакеттерді тазалау жұмыстарын жүргізді. Экологиялық акция дәстүрлі форматтан өзгеше, сайыс түрінде ұйымдастырылып, қатысушылардың белсенділігін арттыруға және

командалық рухты нығайтуға бағытталды.

Аталған іс-шараны ұйымдастыруда белсенділік танытып, жаңашыл форматты енгізуге атсалысқан волонтер Саида Нұрбердиеваның ұйымдастырушылық қабілеті ерекше атап өтілді.

Шам ШЫПРАҚ.

Біріккен Араб Әмірлігінде Жаңаөзеннің сүт өнімдері таныстырылуда

БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІГІНІҢ ДУБАЙ ҚАЛАСЫНДА ӨТПІ ЖАТҚАН ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК КӨРМЕЛЕРІНІҢ БІРІ - GULFOOD КӨРМЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН АТЫНАН ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАЛЫҚ СҮТ ЗАУЫТЫ ӨЗ ӨНІМДЕРІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАРЫҚҚА ҰСЫНУДА. АТАЛҒАН КӨРМЕГЕ 50-ДЕН АСТАМ МЕМЛЕКЕТТЕН АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНДІРУШІЛЕРІ, ДИСТРИБЬЮТОРЛАР МЕН ІРІ САУДА КОМПАНИЯЛАРЫ ҚАТЫСУДА.



Gulfood - азық-түлік және сусын индустриясындағы ең беделді алаңдардың бірі. Көрме аясында Жаңаөзен қалалық сүт зауыты экологиялық таза сүт өнімдерін, соның ішінде өңірде өндірілетін ұлттық өнімдерді таныстырып, шетелдік серіктестермен іскерлік байланыстар орнатуда. Көрменің басты мақсаты - отандық өнімдерді халықаралық нарыққа шығару және экспорттық әлеуетті арттыру.

Айта кетейік, жуырда Жаңаөзен қаласында сублимацияланған құрғақ түйе сүтін өндіретін цех өз жұмысын бастады. Жаңа өндіріс орны жоғары сапалы, экологиялық таза өнім

өндіруге бағытталған. Алдағы уақытта зауыт өнімдерін экспортқа шығару жоспарланып отыр. Қазіргі таңда Қытай мен Біріккен Араб Әмірлігінің нарықтарына өнім жеткізу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Цехтың негізгі мақсаты - жыл бойы шұбат өнімін үздіксіз өндіру. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын қолдау және сүт қабылдау көлемін ұлғайту көзделіп отыр. Бұған дейін зауыт 30-ға жуық шаруа қожалығынан жылына 68 мың литр сүт қабылдаса, алдағы уақытта бұл көрсеткішті екі есеге арттыру жоспарланған.

Еркеназ ШАМИНА.

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА ҚАЛАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ КЕЗЕКТІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТПІ, ОҒАН 29 ДЕЛЕГАТ ҚАТЫСТЫ. МАҢЫЗДЫ БАСҚОСУДА АРДАГЕРЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨТКЕН КЕЗЕҢДЕГІ ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ. ШАРАНЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛИСІ, ҚР БҒІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ, ҚР ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ АСЫЛБЕК АЙДАРОВ ЖҮРГІЗДІ.

Гүлсім ОСПАН

Конференцияға Маңғыстау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серікбай Телетов арнайы қатысып, жиналған қауымды құттықтады. Ол өз сөзінде ардагерлер ұйымының

өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңесі қашан да қоғам үшін маңызды екенін жеткізді.

Күн тәртібінде 2021-2025 жылдар аралығындағы Жаңаөзен қалалық ардагерлер кеңесінің атқарған жұмысы жөніндегі есеп тыңдалды. Бес жыл ішінде

құқықтарын қорғау, жастармен сабақтастықты нығайту және патриоттық тәрбие мәселелері де қозғалды. Қатысушылар ардагерлер ұйымының алдағы уақытта да қоғам өміріне белсенді араласуы қажет екенін атап өтті.

Конференция барысында



қоғамдағы рөліне тоқталып, үлкен буын өкілдерінің жас ұрпақты тәрбиелеудегі, қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы еңбегін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ, жиынға Жаңаөзен қаласының әкімі Жансейіт Қайнарбаев пен қалалық мәслихат төрағасы Ғалым Байжанов қатысып, ардагерлерге ізгі тілектерін білдірді. Қала басшысы ардагерлердің ел дамуына қосқан үлесін жоғары бағалап, олардың

Ардагерлер кеңесінің 28 отырысы өткізіліп, онда 56 өзекті мәселе қаралған. Осы кезеңде қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан 39 зейнеткер «Қазақстанның еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Сонымен қатар, 24 зейнеткерге «Жаңаөзен қаласының Құрметті азаматы» атағы беріліп, 45 ардагер Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарға ие болды.

Жиында ардагерлердің әлеуметтік жағдайы, зейнеткерлердің

қалалық Ардагерлер ұйымының жаңа құрамы сайланып, Маңғыстау облыстық ардагерлер кеңесіне делегаттар ұсынылды. Жиын қорытындысында ұйым жұмысының алдағы кезеңге арналған басым бағыттары белгіленіп, нақты міндеттер жүктелді.

Ардагерлердің бірлігі мен тәжірибесі - қоғамның тұрақтылығы мен дамуының берік негізі екені тағы бір мәрте айқындалды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ: нақты реформаларға бағыт

СЫР ӨНДІРІНДЕ ӨТКЕН V ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛДАҒЫ ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН БАЙЫПТЫ БАСТАМА БОЛДЫ.

Жиында Президент Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың ел дамуына тигізіп отырған нақты рөлін атап өтті. Мемлекет басшысы құрылтай мүшелерінің ұсыныстары негізінде 26 заң қабылданғанын айтып, бұл алаңның ауқымды реформалардың қозғаушы күшіне айналғанын жеткізді. Сондай-ақ әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, лудомания мен нашақорлыққа қарсы күрес, еңбек адамдарының мәртебесін арттыру бағытында нақты қадамдар жасалғанын айтты. Президент ендігі міндет - қабылданған ішкі саясат қағидаттарын басымдық ретінде алып, оларды белсенді түрде іске асыру екенін ерекше атап өтті.

Бұл - сөзден іске көшуге бағытталған маңызды ұстаным. Ұлттық құрылтай тек пікір алмасатын алаң ғана емес, қоғамдағы өзекті мәселелердің заңнамалық деңгейде шешілуіне жол ашатын тиімді тетікке айналғаны байқалады. Әсіресе әлеуметтік

әділеттілік, отбасы институтын қорғау және еңбек адамының беделін арттыру мәселелерінің күн тәртібіне шығуы қоғам сұранысына сай келеді.

Сонымен қатар, құрылтайда көтерілген бастамалар мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалогтың нығайып келе жатқанын көрсетеді. Халықтың үні ескеріліп, нақты шешімдерге айналуды - жүргізіліп жатқан реформалардың өміршеңдігін арттырады. Ал бұл өз кезегінде елдің тұрақты дамуына, азаматтардың мемлекетке деген сенімінің күшеюіне ықпал ететіні сөзсіз.

Қорыта айтқанда, V Ұлттық құрылтайда айтылған міндеттер мен бағыттар Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиясымен үндесіп, ел болашағына берік негіз қалайды.

Тілектес БОЛАТБАЕВА,
Маңғыстау облыстық балалар құқығын қорғау жөніндегі уәкіл, Жаңаөзен қалалық политехникалық колледж директоры.

Адам капиталына бағытталған стратегиялық таңдау

2026 ЖЫЛЫ ӨТКЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ БАСЫМДЫҒЫ - АДАМ КАПИТАЛЫ ЕКЕНІН АТАП ӨТТІ. БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯ САЛАЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯ САЛУ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРАТЫН ДҰРЫС ШЕШІМ ЕКЕНІ АЙТЫЛДЫ.

Жиында көтерілген бастамалар мемлекеттің даму бағытын айқындап берді. Президенттің пиар мен жалған есепке емес, нақты нәтижеге басымдық беруі мемлекеттік басқаруда жауапкершілікті күшейтіп, әрбір қабылданған шешімнің қоғамға тигізер пайдасын нақтылауға бағытталған.

Сонымен қатар, цифрландыру мен жасанды интеллектті стратегиялық міндет ретінде қарастыру - уақыт

талабына сай қадам. Бұл бастамалар шешім қабылдау үдерісінің жылдамдығын арттырып, еңбек өнімділігі мен мемлекеттік қызмет сапасының нақты жақсаруына ықпал етуі тиіс. Ең бастысы, аталған ұстанымдар елдің тұрақты дамуына және адами капиталдың сапалы өсуіне берік негіз қалайды.

Нұржан МҰХАММЕДОВ,
Zangar Event қоғамдық қорының басшысы.

Бастама: жастар, білім және әлеуметтік әділеттілік

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН 5-ШІ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ - ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН АШЫҚ ТАЛҚЫЛАП, ЕЛ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫН АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ АЛАҢ БОЛДЫ. САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ ДЕ КӨРСЕТКЕНДЕЙ, ХАЛЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫ ТЕК РЕСМИ ЖИЫН РЕТІНДЕ ЕМЕС, ӨЗ ОЙЫН БІЛДІРУГЕ, ПІКІР АЛМАСУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ОРТА РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАЙДЫ.

Жастардың ғылыми-техникалық қызығушылықтарын дамытуға басымдық берілуі - еліміздің инновациялық әлеуетін арттыруға жасалған нақты қадам. Бұл бағыттағы бастамалар жаңа ғылыми жобаларды қолдауға, білім мен өндірісті байланыстыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әлеуметтік мәселелерге де ерекше көңіл бөлінгені байқалады. Президенттің приоритеттік жобалары халыққа түсіндіріліп, олардың күнделікті өмірін жақсартуға бағытталған нақты қадамдар ұсынылды.

Ұлттық құрылтайда көтерілген бастамалар қоғамның

әр түрлі саласына әсер етеді - білім, ғылым, әлеуметтік әділеттілік және жастардың әлеуетін арттыру. Әрбір шешім елдің тұрақты дамуына, азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтуға және жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Қорытындылай келе, 5-ші Ұлттық құрылтай - қоғам мен мемлекеттің өзара диалогының жемісті алаңы, ел болашағын бірлесіп қалыптастыруға арналған маңызды механизм екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Зағила САЙЫПОВА,
№ 5 мектеп-гимназия мұғалімі.

Таза ет - ҚҰНАРЛЫ ТАМАҚ

МАҢҒЫСТАУ ОБАҒА ҚАРСЫ КҮРЕС СТАНЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢАӨЗЕН ОБАҒА ҚАРСЫ КҮРЕС БӨЛІМШЕСІ МАМАНДАРЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА «ТҮЙЕ МАЛЫНЫҢ ОБА АУРУЫМЕН АУЫРҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ, КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІ, АУРУДАН ӨЛГЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ СОЮ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІМЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛЛЫҚ ВЕТЕРЕНЕРИЯЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ КММ МАМАНДАРЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛЛЫҚ АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ Б.А.НҮРЖАУОВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН СЕМИНАР, ЖАТТЫҒУ САБАҒЫ ӨТТІ.



Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Жаңаөзен қалалық аумақтық инспекциясы ММ басшысы Б.А.Нұржауов 2025 жылдың қорытындысы 2026 жылға атқарылатын жоспарлар бойынша баяндама жасап, Жаңаөзен қаласына қарасты елді мекендерде қанша түйе есепте тұрғандығы туралы, жыл сайын түйелер «обаға қарсы екпесімен» егілуге жопарланып егілетіндігі туралы баяндады.

Семинар барысында баяндамалар тыңдалып, әртүрлі сұрақтарға жауап беріліп, талқылаулар болды. Яғни мал дәрігерлер арасындағы жас мамандарға қандайда бір түйе малының ауырғандығы туралы мал иесінен хабарлама алғаннан кейінгі іс-әрекеттері, клиникалық көрінісіне қарап болжамды «түйе обасы» екені деп ойласа хабарлама беріп ары қарай

малды оқшаулаған күйде маңына адамдар жақындатпау, иесінен түйе туралы мағлұматтар жинау, оба екпесін алған, алмағандығы туралы ақпараттар жинап, жасалынатын іс-әрекеттер туралы кеңестер берілді.

Семинар барысында күдікті түйенің талапқа сай сойылуын, одан зертханаға қалай сынама алу керек екендіктері де баяндалып ары қарай бөлімше зертханашылары I типтегі обаға қарсы қорғаныш киімін қалай киіп, шешу керек екенін іс жүзінде көрсете отырып қорғаныш костюмдерінің өте маңыздылығы айтылды.

Семинар соңында ары қарай да мал дәрігерлерімен бірлесіп жұмыс жасасақ аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алатындығы сөз етілді.

Х.ҚА.ШАҚБАЕВ,
Жаңаөзен обаға қарсы күрес бөлімшесінің зоологы.

№3 емханада жоспарлы жөндеу жұмыстары жалғасуда

РАХАТ АУЫЛЫ, «АҚСУ» ШАҒЫНАУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛЛЫҚ №3 ЕМХАНАСЫНДА БЕКІТІЛГЕН ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

Қазіргі таңда нысанда ішкі әрлеу жұмыстары, кафель төсеу, ғимараттың фасадын жаңарту, электр желілерін жүргізу, дәнекерлеу және абаттандыру жұмыстары атқарылууда. Барлық жұмыстар белгіленген талаптар мен қауіпсіздік нормаларына сәйкес орындалуда.

Жөндеу жұмыстарының барысын Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Нұрберген Худибәев және Рахат ауылының әкімі Райымбек Сырымов

барып көріп, зерделеді. Аралау барысында жауапты мамандарға жұмыстардың сапасы мен мерзімінде орындалуын қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырмалар берілді.

Аталған жөндеу жұмыстары медициналық мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, сондай-ақ тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

Еркеназ ШАМИНА.

Жаңаөзен қалалық соты 2025 жыл жұмысын қорытындылады

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛЛЫҚ СОТТА ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ АРНАЛҒАН СОТ ТӨРАҒАСЫ Б.К.ТОКБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН БРИФИНГ ӨТТІ.

Іс-шара барысында сот төрағасы Б.К.Токбаев 2025 жылдың 12 айында сотпен 2975 азаматтық іс, 267 тұлғаға қатысты 239 қылмыстық іс, 2779 әкімшілік іс қаралғанын, сонымен қатар қылмыстық іс-тер бойынша 260 тұлғаға қатысты 214 үкім, азаматтық істер бойынша 1320 шешім, әкімшілік істер бойынша 2765 қаулы шығарылғандығын жеткізді. Медиация тәртібінде азаматтық істер бойынша 112 іс қысқартылған. Әкімшілік істер бойынша 422, қылмыстық істер бойынша 21 іс қысқартылғандығын мәлім етті.

Сондай-ақ, Б.К.Токбаев Жаңаөзен қалалық соттың БАҚ-мен қарым-қатысына тоқталып, осы уақыт аралығында жергілікті және республикалық газет беттерінде барлығы 12 мақала жарияланғанын атап өтті.

Брифинг соңында сот төрағасы Б.К.Токбаев туындаған сауалдарға жауап берді.

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛЛЫҚ СОТЫ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.



ЭЛЕКТОРАЛДЫҚ ПРИНЦИПТЕР - САЙЛАУШЫ СЕНІМІНІҢ НЕГІЗІ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІН ЖЫЛ САЙЫН АҚПАНЫҢ БІРІНШІ БЕЙСЕНБІСІНДЕ АТАП ӨТУ ДӘСТҮРІ ЕУРОПАЛЫҚ САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН БАСТАЛДЫ.

Бұл күннің мақсаты - тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихымен тығыз байланысты еліміздің сайлау жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері туралы жұртшылықты ақпараттандыру, сайлаушылардың электоралдық белсенділігін арттыру және жас сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға деген ұстанымды қалыптастыру.

Биылғы жылы 5 ақпанға сәйкес келетін Дүниежүзілік сайлау күнін атап өту мақсатында, Жаңаөзен

қалалық сайлау комиссиясымен он күндік шаралар жоспары жасалды. Мерекелеудің басты идеологиясы - «Электоралдық принциптер - сайлаушы сенімінің негізі», бұл сайлау ұғымын құқықтық институционалды және азаматтық бағдарлардың қалыптасқан жүйесінің нәтижесі ретінде бейнелейді.

Іс-шаралар концепциясы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының стратегиялық принциптерімен үйлестірілген. Олар бес принциптік бағытта: «Заң

үстемдігі», «Тәуелсіздік», «Ашықтық», «Инклюзивтілік», «Кәсібилік пен ақалылық» жоспарланған.

Дүниежүзілік сайлау күніне арналған шаралар аясында қазіргі уақытта О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды-техникалық колледжінде «Заң үстемдігі - тұрақты қоғамның негізі» тақырыбында студенттерге дәріс сабақ, «№10 жалпы білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесінде «Заң үстемдігі - заман талабы» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен семинар-сабақ өтті. Шара барысында Жаңаөзен қалалық сайлау комиссиясының төрағасы С.Мұхаммедов және төраға орынбасары С.Қалаубаев қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, болашақ



жас сайлаушыларға сайлау жүйесі, әрбір азаматтың сайлау және сайлану құқығы, демократиялық құндылықтар туралы кеңінен мағлұматтар айтты. Алдағы күндерге де қалалық сайлау комиссиясында «Ашық есік күнін», қалалық орталық кітапханамен бірлікте «Тәуелсіздік - ең басты құндылық» атты кітап көрмесін, Жас

сайлаушылар клубымен, жергілікті атқарушы органмен, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен бірлескен тағы басқа да тағылымды шаралар өткізу жоспарланып отыр.

Тәттігүл ТӘЖІБАЕВА,
Жаңаөзен қалалық сайлау комиссиясының хатшысы.

СЫБАЙЛАСТЫҚПЕН КҮРЕС: ЕСЕП ҮШІН ЕМЕС, СЕНІМ ҮШІН!

(Әкімдіктің жауапкершілігі мен нақты міндеттері туралы)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ТЕК ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ НЕМЕСЕ АРНАЙЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҒАНА МІНДЕТІ ЕМЕС. БҰЛ - ЕҢ АЛДЫМЕН ӘКІМДІКТІҢ КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСЫНА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК. СЕБЕБІ ХАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТПЕН ЕҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ АУДАН, ҚАЛА, АУЫЛ ДЕНГЕЙІНДЕ БЕТПЕ-БЕТ КЕЛЕДІ.

Қандай да бір анықтама, әлеуметтік көмек, жер мәселесі немесе инфра-құрылымға қатысты сұрақ туындаса, азамат әкімдікке жүгінеді. Сондықтан жергілікті билік органдарының ашықтығы мен әділдігі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шешуші факторына айналады.

Соңғы жылдары елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат түбегейлі жаңарды. Мемлекет бұл бағытта жазалау шараларынан бұрын, алдын алу тетіктеріне басымдық беріп отыр. Бұл дегеніміз - басқару процестерін жеңілдету, артық қағазбастылықты жою, цифрландыру және жауапкершілікті нақтылау.

Әкімдіктер үшін бұл реформалар нақты міндеттер жүктейді. Енді әрбір бөлім, әрбір мемлекеттік қызметші өз жұмысының ашықтығы мен заңдылығы үшін жеке жауап береді. «Жоғарыдан келді» немесе «бұрыннан солай» деген көзқарасқа қазір орын жоқ.

Дамыған елдердің тәжірибесіне қарасақ, ең тиімді жол - мемлекеттік қызметтің ашық болуы, шешім қабылдаудың айқын әрі түсінікті болуы, адам факторын барынша азайту.

Мысалы, көптеген елдерде анықтама алу, рұқсат құжаттары, жер немесе кәсіпкерлікке қатысты қызметтер электронды форматқа көшірілген. Нәтижесінде «бару-келу», «таныс іздеу», «бейресми өтініш» деген ұғымдар біртіндеп жойылған. Біз де осы жолмен келеміз. Бұл - бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Бірақ, бағыт дұрыс.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен елдерде негізгі екіпін жергілікті басқару сапасына қойылған. Мемлекеттік қызметтер неғұрлым ашық, түсінікті және автоматтандырылған болса, жемқорлық тәуекелдері соғұрлым азаяды.

Бұл тәжірибе біз үшін де өзекті. Әкімдіктерде шешім қабылдау тәртібі айқын болуы тиіс. Қай мәселе қандай негізде шешілді, қандай талаптар қойылды, қандай мерзім белгіленді - мұның бәрі тұрғындарға түсінікті болуы қажет.

Қалада немесе ауылда жүзеге асырылып жатқан әрбір жоба - жол болсын, мектеп, спорт нысаны немесе инфрақұрылым - халыққа түсінікті болуы тиіс. Қай қаржыға, қалай және не үшін салынды деген сұраққа нақты жауап болғанда ғана күмән азаяды.

Жаңаөзен қаласының әкімдігі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тек жоспар мен есеп үшін емес, нақты іс арқылы көрінуі тиіс.

Бұл ең алдымен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, мемлекеттік сатып алулардың ашықтығын қамтамасыз ету, бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді жұмсалып бақылау, тұрғындармен кері байланысты күшейту болып табылады.

Әрбір басшы мен маман өз шешімінің салдарын түсінуі керек. Себебі бір ғана әділетсіз немесе түсініксіз шешім халықтың бүкіл мемлекеттік жүйеге деген сеніміне кері әсер етеді.

Бұл күресте тек мемлекет емес, әр азаматтың өзі маңызды.

Пара бермеу, заңды талап ету, өз құқығын білу - үлкен өзгерістердің бастамасы. Егер қоғам «заңды айналып өту - қалыпты нәрсе» деп қабылдмаса, ешқандай жемқорлық өмір сүре алмайды.

Билік те, халық та бір шындықты түсінуі керек. Әділдік - бір жаққа ғана емес, барлығына ортақ талап.

Жергілікті деңгейде бұл - қызметтік әдеп нормаларын сақтауды, мүдделер қақтығысына жол бермеуді, әрбір шешімді заң аясында қабылдауды, қызметтік

өкілеттікті жеке мақсатта пайдаланбауды меңзейді.

Бұл талаптар формальды ереже емес, мемлекеттік қызметшінің күнделікті жұмыс мәдениетінің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты күшейту үшін Жаңаөзен қаласының әкімдігі келесі 5 нақты қадамды жүйелі түрде енгізуді қолға алуда:

Бірінші. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтығын арттыру.

Әрбір көрсетілетін қызметтің тәртібі, мерзімі және



жауапты тұлғасы азаматқа алдын ала түсінікті болуы тиіс. Белгісіздік пен түсініксіздік - жемқорлықтың басты себептерінің бірі.

Екінші. Мемлекеттік сатып алуларды барынша ашық жүргізу.

Жобалардың құны, мердігерді таңдау негіздері, орындалу барысы туралы ақпарат қолжетімді болуы қажет. Бұл бюджет қаражатының тиімді жұмсалып қамтамасыз етеді және күмәнді пікірлердің алдын алады.

Үшінші. Алдын алу шараларын күшейту. Мемлекеттік қызметшілер арасында қызметтік әдеп, мүдделер қақтығысы, жеке жауапкершілік мәселелері тұрақты түрде түсіндіріліп отыруы тиіс. Алдын алу - ең тиімді құрал.

Төртінші. Цифрландыруды кеңейту. Адам факторын азайту - жемқорлық тәуекелін төмендетудің ең нақты жолы. Электронды қызметтер неғұрлым көп болса, заңсыз әрекетке мүмкіндік соғұрлым азаяды.

Бесінші. Халықпен кері байланысты күшейту. Әкімдік жұмысы жабық болмауы керек. Азаматтардың ұсынысы мен шағымына жедел әрі нақты жауап беру - сенімді арттыратын басты шарт.

Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - бұл бір реттік науқан емес, тұрақты және жүйелі жұмыс. Жергілікті атқарушы органдар осы реформалардың нақты орындалуына тікелей жауапты. Әрбір әділ шешім, әрбір ашық әрекет - халық сенімін нығайтатын кадам.

Мемлекеттік қызмет - бұл артықшылық емес, үлкен жауапкершілік. Ал сол жауапкершілікті адал атқару - біздің басты міндетіміз.

Мекен ҮЙСЕНОВ,
Жаңаөзен қаласы әкімінің аппарат басшысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ - БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДАҒЫ №927 ЖАРЛЫҒЫМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ІСКЕ АСЫРУ, ОСЫ САЛАДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ, СОНДАЙ-АҚ ЗАҢ БҮЗУШЫЛЫҚҚА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН СЕБЕПТЕР МЕН ЖАҒДАЙЛАРДЫ БАРЫНША АЗАЙТУ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ ӨКІЛЕТТІКТЕР ЖҮКТЕЛДІ.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2026 жылғы 5 қаңтардағы «Turkistan» газетіне берген сұхбатында атап өткендей, қылмыстың алдын алу үшін түсіндіру және ағарту жұмыстарына әдеттегідей айрықша назар аударды.

Тұжырымдамасының өзегі - ашықтық пен есеп берушілік. Тұрғындар мемлекеттік биліктің тиімділігін Астанадағы министрліктердің емес, өз ауылындағы немесе қаласындағы әкімдіктің жұмысына қарап бағалайды. Сондықтан жергілікті билік органдарының ашықтығы - жемқорлыққа қарсы иммунитеттің негізгі факторы.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жемқорлықты жоюдың ең тиімді жолы - процестерді автоматтандыру және адами факторды жою. Өңірімізде мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру жұмыстары қарқынды жүргізілуде, бұл «таныс іздеу» немесе «пара ұсыну» сияқты келеңсіздіктердің жолын кеседі.

ДЕПАРТАМЕНТТІҢ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІ

Департамент ережесіне сәйкес, біз қылмыстың салдарымен емес, оның себептерімен күресуді мақсат тұтамыз. Осы бағытта мынадай жүйелі шаралар атқарылууда:

- Тәуекелдерге талдау жасау: Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және квазимемлекеттік сектордың жұмысындағы «суыстарды» анықтап, оларды жою бойынша ұсынымдар беру.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: Қоғамда адалдық идеологиясын насихаттау және ақпараттық түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.

- Комплаенс-қызметі: Квазимемлекеттік секторда корпоративтік адалдық стандарттарын енгізу.

ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мемлекеттік қызметші болу - артықшылық емес, зор жауапкершілік. Бір ғана шенеуніктің заңсыз әрекеті бүкіл жүйеге көлеңке түсіретінін әрбір басшы түсінуі тиіс. Сонымен қатар, азаматтардың да белсенділігі маңызды: заңды талап ету және пара беруден бас тарту - таза қоғамға жасалған маңызды кадам.

Біз ашық диалогқа әрқашан дайынбыз. Маңғыстау өңіріндегі заң үстемдігі мен мемлекеттік қызметтің абыройы - бәрімізге ортақ мүдде. Әрбір мемлекеттік қызметші өз жұмысын адал әрі халыққа жақын болып атқарғанда ғана біз биік мақсаттарға жетеміз.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

«Әділетті Қазақстан»

ІСМЕРЛІКТІ ЖАНЫНА СЕРІК ЕТКЕН

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА УАҚЫТТЫҢ ҚАЛАЙ ЗЫРҒЫП ӨТІП ЖАТҚАНЫН АҢҒАРМАЙ ҚАЛАМЫЗ. АЛ СОЛ УАҚЫТТЫҢ ӘР СӘТІН МӘНДІ ӨТКІЗІП, ЕҢБЕКПЕН ӨРНЕКТЕП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАНДАР БАР. СОЛАРДЫҢ БІРІ - 88 ЖАСТАҒЫ ІСМЕРЛІКТІ ӨМІРІНІҢ АЙНЫМАС СЕРІГІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН АҚ ЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕ КЕНЖЕ ХОЖАЛЕПЕСОВА.



Ісмерлікті жанына серік еткен, өнегелі өмірдің өрнегін қолымен тоқып келе жатқан Кенже Хожалепесованың ғұмыры - тұтас бір шежіре. Ол 1938 жылдың 5 тамызында Сыр бойында көпбалалы, қарапайым отбасында дүниеге келген. Балалық шағы қиын кезеңдермен тұспа-тұс келді. 1941 жылы тағдырдың жазуымен отбасы Өзбекстанға қоныс аударады. Кенже Хожалепесова 1956 жылы шаңырақ көтеріп, отбасылық өмірге қадам басып, үш ұл мен бес қызды тәрбиелеп өсіреді. Ол 25 жыл бойы мектепте медбике болып жұмыс істеді. Кейін бұл қызмет қысқартылған соң, сол мектепте 35 жыл бойы кіші қызметкер болып еңбек етіп, зейнетке шықты. 2006 жылы Маңғыстау өңіріне көшіп келеді.

Кенже әженің өміріндегі ең үлкен мектеп - өз анасы болды. Анасы киіз үйге қажетті

бауларды, түрлі тұрмыстық бұйымдарды шебер тоқыған ісмер жан еді. Сол кісінің жанында жүріп, кішкентай кезінен-ақ қолөнердің қырсырын бойына сіңірді. Содан бері ісмерлік әженің жанына серік, өмірінің ажырамас бөлшегіне айналды.

Ол көрпеше тігеді, құрақ құрайды, шашақ жасап, ою ояды. Бірақ ешқашан тапсырыс алып, саудаға салған емес. Оның қолынан шыққан әрбір бұйым - жүрек жылуымен, ақ ниетпен тігілген сый. Немерелері мен жақындарына, ағайын-туысына арнап дайындайды. Қыз ұзатылғанда «құрақтай құралсын, шаңырағы берік болсын» деген ізгі ниетпен құрақ көрпелерді сыйға тартады. Келіндеріне оюланған көрпеше мен шашақ таратып, «мен секілді ұзақ ғұмыр кешің, өмірлері мәнді де мағыналы болсын» деген аналық тілегін қоса береді.

Ол өз білгенін кейінгі буынға үйретуді де ұмытпаған. Үлкен қызы мен ортаншы келіні ісмерлікті әжеден үйренген. Келіндерінің бірі мамандығы бойынша мұғалім болғанымен, қолөнерге де өте бейім жан.

- Бұл әулетке келін болып түскелі енемнен көп нәрсе үйрендім. Неше түрлі құрақ құрау, шашақ жасау, алаша тоқу және тағы басқа қолөнер түрлерін меңгердім. Енем үйреткен қолөнерді кәсіпке айналдырып, осыдан екі жыл бұрын қыз жасауымен айналыстым. Қазіргі таңда денсаулығым байланысты бұл істі тоқтаттым. Өзім мектепте көркем еңбек пәнінен сабақ беремін. Оқушыларға тоқу түрлерін, төрт, алты және сегіз өрімді, сондай-ақ жадағайға тағатын шашақты жасауды үйретемін, - дейді Дариха Сабирова ісмер әженің келіні.

Әже бүгінде ши құрақ құрайды, ою ояды, оюланған дорбалар тігеді, ұршықпен жіп үйіріп шашақ жасайды. Таңғаларлығы - 88 жасқа келсе де, көзілдірік кимей, барлық жұмысты



өзі атқарады. Тігінге қажетті мата, жіп секілді ұсақ-түйектің бәрін базарға өзі барып, арнайы таңдап алады. Кенже Хожалепесованың айтуынша, бос отырып уақыт өткізу - ең қиын нәрсе. Ал ісмерлікпен айналыссаң, ойың бөлініп, көңілің сергиді, жан дүниен тынышталады.

- Жастарға айтарым - қазақтың ұлттық дәстүрін ұлықтап, ата-бабадан қалған асыл мұраны көздің қарашығындай сақтау керек. Біз дәстүрімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ұлттық қолөнерді, салт-сананы, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді қасиеттерді бойымызға сіңірсек, тамырымыз тереңдей түседі.

Дәстүрін құрметтеген елдің болашағы берік болады. Өз тілімізді, өз өнерімізді қадірлеп өссеңдер, өмірлерің де мәнді, мағыналы болады, - дейді ісмер әже Кенже Хожалепесова.

Ісмер әженің ғұмыры - еңбекке адалдықтың, ұлттық құндылыққа деген құрметтің, аналық мейрім мен сабырдың айнасы. Қолынан шыққан әрбір бұйымда оның өмірге деген махаббаты, ұрпаққа деген ақ тілегі мен таусылмас шүкірлігі бар. 88 жасқа келсе де сүйікті ісімен айналысып жүрген ісмер әже Кенже Хожалепесоваға 100 жасаңыз деген тілегімізді білдіреміз!

Айлин АСҚАР.

КӘСІПКЕР КЕЛБЕТІ

НЕСІБЕСІН БАЛЫҚТАН ТАПҚАН

«ЕЛІМІЗДІҢ БІРҚАТАР АЙМАҒЫНДА БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ. БҮЛ САЛА ТАБИҒИ РЕСУРСТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫП, ЖЕРГІЛІКТІ ЭКОНОМИКАНЫ НЫҒАЙТУҒА ҮЛЕС ҚОСЫП ОТЫРҒАН МАҢЫЗДЫ КӘСІП ТҮРІНЕ АЙНАЛЫП ОТЫР. КӘСІПКЕРЛІККЕ БЕТ БҮРУ - ТӘУЕКЕЛ МЕН ТАБАНДЫЛЫҚТЫ ҚАТАР ТАЛАП ЕТЕТІН ЖАУАПТЫ ҚАДАМ.

Гүлсім МҰРЫНОВА

Маңғыстау облысында биыл 70 тоннаға жуық тауарлы балық өсіріліп жатыр. Бұл туралы Қоғамдық коммуникация орталығында өткен брифингте өңірлік балық шаруашылығы басқармасының басшысы Арман

Молдашев мәлімдеді, деп хабарлайды Egemen.kz.

Спикердің айтуынша, 2025 жылы басқарма тарапынан табиғат пайдаланушылардың өтінімі негізінде 6 500 тоннаға жуық балық аулауға рұқсат беріліп, жалпы саны 590 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Ал кәсіпшілік балық аулау

бағытында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 4 150 тонна балық ауланған.

Бүгінде өңірде балық шаруашылығы саласына деген қызығушылық артып келеді. Тауарлы балық өсірумен айналысатын кәсіпкерлер саны көбейіп, сала біртіндеп экономиканың маңызды бағыттарының біріне айналуға бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының ашылуына және жергілікті өнім көлемінің артуына ықпал етуде.

Арман Молдашевтың айтуынша, балық шаруашылығын дамыту мақсатында мемлекет тарапынан бірқатар қолдау тетіктері қарастырылған. Атап айтқанда, «Ақшаруашылық туралы» заң аясында балық өнімдерін қайта өңдеу, сондай-ақ несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау мүмкіндіктері бар.

Алдағы уақытта өңірде тауарлы балық өсіру көлемін ұлғайтып, ішкі нарықты сапалы әрі экологиялық таза өніммен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Жаңаөзен қаласының тұрғыны, кәсіпкер Жұмабек Жандосов осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, үйінің жанынан шағын балық шаруашылығын ашып, кәсібін табандылықпен дамытып келеді. Шағын кәсіптің өзі үлкен жауапкершілік пен тынымсыз еңбекті талап ететіні белгілі. Ол бұл істі 2024 жылы марқұм әкесімен бірге жоспарлап, қолға алған. Әкесінен айырылса да, бастаған кәсібін орта жолда қалдырмай, оны табыс көзіне айналдыруды мақсат етті.

Форель балықтары бассейнге алғаш рет 2024 жылдың 16 желтоқсанында жіберілген. Бастапқыда салмағы небәрі 50–100 грамм болған балықтар бүгінде күніне үш мезгіл



күтім мен сапалы жемнің арқасында 1,5-2 келіге дейін жетіп, нарыққа шығарылуға. Бұл - дүрыс жоспарлау мен маңдай тердің нақты нәтижесі.

- Кәсіп бастаудың алғашқы кезеңі қашан да қиындыққа толы. Алайда тәуекелге барып, тынымсыз еңбек еткен адам ғана кәсібінің жемісін көреді. «Үкімет тарапынан қолдау болса, жер телімін кеңейтіп, шаруашылықты ұлғайтып, балықтың өзге түрлерін өсіруді жоспарлап отырымын», - дейді кәсіпкер.

Қазіргі таңда шаруашылықта 1 тоннаға жуық балық бар. Жер аумағының шағындығы әзірге өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік бермей отыр. Дегенмен, бұл алдағы уақытта кәсібін кеңейтуге деген ынтаны одан әрі арттыра түскен.

Сатылымға шыққан форель балықтары үнемі сұранысқа ие. Кәсіпкер үшін нарықты зерттеп, тұтынушы талабына сай өнім ұсыну - табысты кәсіптің басты шарты. Осы мақсатта Жұмабек


Жаңаөзен қаласынан «Ozen Fish» атауымен шағын дүкен ашып, тұрғындарды жаңа әрі сапалы балық өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Бұл - өндірістен тікелей тұтынушыға дейінгі жолды қысқартып, кәсіптің тиімділігін арттыруға мүмкіндік

берген.

Кәсіптің алға басыуына отбасының қолдауы да зор. «Ozen Fish» дүкенінде кәсіпкердің жұбайы көмекші болып, сатылым мен тұтынушылармен байланыс жұмыстарын атқарады. Отбасылық кәсіп бірліктің, өзара сенім мен қолдаудың жарқын үлгісіне айналған.

Шаруашылықта бүгінде 6 бассейн жұмыс істейді. Қажетті құрылғылар мен техниканы кәсіпкер мемлекеттік несиеле жүгінбей, өз қаражатына сатып алған. Ал арнайы жем-шөп Алматы қаласынан жеткізіледі. Бұл - өз ісіне деген сенім мен жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Бала күнгі ермегін берекелі кәсіпке айналдыруды көздеген Жұмабек үшін бұл шаруашылық - тек табыс көзі емес, маңдай термен келетін адал еңбектің нәтижесі. Балық өсіру - үлкен төзімділік пен үздіксіз еңбекті талап ететін сала. Осындай табанды кәсіпкерлер өңір экономикасының дамуына серпін беріп отырғаны сөзсіз.





(Соңы. Басы өткен сандарда). Жас боксшымыз Жәніс Таумұрынов ҚР чемпионы атанды.

Венера Жетібәева қарат-додан жасөспірімдер арасындағы Америка құрама штаттарында Арнольд Шварценеггер кубогі үшін жарыста үш алтын медаль жеңіп алды.

«Мұнайшы» МС-да Ф.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының спектаклі қойылды.

Жергілікті «Әуен» тобы қыркүйек аралығында Берлин қаласында өткен Халықаралық «Берлин маржандары» атты балалар ән байқауында І-ші орын алды.

21-22 желтоқсанда қаламызда жасөспірімдер арасында қарат-додан Халықаралық жарыс өтті.

2003 жыл. Ақпанда «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-ның тікелей қолдауымен шыны пластикалық құбырлар шығаратын зауыттың №1 цехы іске қосылды.

Мамыр. Кеңес Одағының батыры Біләл Қалиев құрметіне Теңге ауылы ипподромында ат бәйгесі ұйымдастырылды.

Мамыр. Ақтау қаласының 40 жылдығы мен Маңғыстау облысының 30 жылдығына орай Ақтауда Жаңаөзен қаласының Мәдениет күндері болды.

Маусым. Жаңаөзен қаласындағы облыстық Балалар үйінің 10 жылдығы аталып өтті.

Жаңаөзенде қарат-додан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Республика чемпионаты өткізілді, оған 11 облыстан 178 спортшы қатысты.

1 маусым күні мұнайшылардың медициналық-профилактикалық орталығы ашылды. Орталықтың мақсаты - мұнайшыларға медициналық-профилактикалық тексеру өткізу, мұнайшыларға жоспарлы түрде және кезектен тыс шұғыл медициналық көмек көрсету, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін де сақтандыру бағдарламасымен қамту.

Шілде. «Өзенмұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік мекемелер Шопан Ата имандылық кешенін қайта жаңғыртып салып, аруақтарға арнап ас беріп, құран бағыштауды ұйымдастырды.

Қазақстанда бірінші рет құрастырылған бұрғылау қондырғысы 27 шілдеде «Өзен» кенорнында іске қосылды.

№4 «Айгүл» балабақшасы күрделі жөндеуден соң №16 бастауыш мектеп болып ашылды.

Қала мұнайшыларына арналған емхана салынып, пайдалануға тапсырылды.

Жаңа техникалық жабдықтармен қамтылған көз ауруларын емдейтін екі кабинет пайдалануға берілді.

ҚР мәслихаттарының сайлауы қарсаңында еліміздің батыс аймағына арнайы үгіт-насихат сапарымен шыққан Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрінің қатысуымен Отан республикалық саяси партиясының үгіт-поэзиялық насихатшылары 15-16 қыркүйекте қаламызда болды.

Жаңаөзен қаласы әкімінің ұсынысына орай, Маңғыстау облысының мәслихаты мен Маңғыстау облысының әкімінің бірлескен 18 қыркүйектегі № 117 шешіміне сәйкес Қаракия ауданына қарасты Кендірлі аймағынан 80 га жер телімі, демалыс орындарын дамыту мақсатында уақытша Жаңаөзен қаласы әкімшілігі қарамағына берілді.

Қазан. Өзен мұнайшылары қоғамдық тәртіпті күшейту мақсатында қалалық ІБ-не тегін демеушілік көмек көрсетіп, төмендегідей құрал жабдықтар алып берді: 10 автокөлік, 70 рация, 20 компьютер, ксерокс, факс, Папилов аппараты, күндізгі және түнгі бақылау құралдары.

«Мұнайшы» МС-да 25 қазанда «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық ойыны өткізілді, бұл сайыс республика бойынша шағын қалада тұңғыш рет өткізілді.

Жаңаөзенге квота бойынша 24 от-

Қазақстан мұнай-газ кендерінің ашылуы және игерілуі тарихынан МӘЛІМЕТТЕР

басы Иран ислам республикасынан көшіп келді.

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 26.12.2003 жылы №220 қаулысы бойынша тұрғындардың әлеуметтік қорғалатын тобы мен мүжәлсіз отбасылардың 01.01.2004 жылғы жағдай бойынша коммуналдық қызметтерге бережақтары біржолы қайырымдылық акциясы ретінде кешірілді, төлемақының ең жоғарғы шегі 150 мың теңге болып белгіленді, барлығы 232 отбасы, бережақтар көлемі - 22939155 теңге.

2004 жыл. Наурыз айында мұнай-газ өнеркәсібі ардагерлерінің бастамасымен республикалық «Мұнайшы» қоры құрылды. Қордың қамқорлық кеңесінің төрағасы болып А.Құлыбаев, атқарушы директоры болып Н.Ә.Марабаев сайланды.

Өзен кен орнының игеріле басталуынан бері 300 миллион тонна мұнай алынды.

Қазақ газ өңдеу зауытында СКДС-70 М2 қондырғысы пайдалануға берілді.

Сол жылдың І сәуірінен «Өзен-мұнайгаз» АҚ-ы «Эмбімұнайгаз» АҚ-мен бірігуінің нәтижесінде «Барлау Өндіру «ҚазМұнайГаз» АҚ-ы құрылды, ал «Өзенмұнайгаз» ӨФ болып қайта құрылды.

«Рахат» шағынауданында 624 орындық №15 орта мектеп пайдалануға берілді.

Ашылу рәсіміне мемлекет қайраткерлері ҚР Мәжіліс төрағасы Ж.Тұяқбаев, облыс әкімі Б.Палымбетов, академик К.Сағадиев және «ҚМГ» ҰМК АҚ басшылары Ұ.Қарабалин, М.Батырбаев қатысты.

Мектепке бейімделген балабақша ғимаратында № 16 орта мектеп және Мүгедек балалар үшін Оңалту орталығы ашылды.

Жаңаөзен қаласы әкімшілігі әзірлеген «Жаңаөзен қаласы әкімшілігі және «ҚазМұнайГаз» ҰМК АҚ-ы арасындағы «Әлеуметтік әріптестік» туралы бағдарлама» бекітілді.

2005 жыл. Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай «Шаңырақ» ш/а «Ардагерлер үйі» пайдалануға берілді, қаржыландыруға қаражат қалалық әкімшіліктен «Барлау Бұрғылау» АҚ-ы тарапынан тең бөлінді.

Жалпы көлемі номерлік ЦНТС телефон байланысы қондырғысы іске қосылды, оның 15096 номері қалаға, Теңге ауылына 1040 номері, Қызылсайға 262 номері бөлінді.

Белгілі мұнайшы, мемлекет қайраткері Нәсіпқали Марабаевқа Жаңаөзен қаласының «Құрметті Азамат» атағы берілді.

«Гүлдәурен» би ансамблі Болгарияда өткен «Хоревод дружбы в Обзоре - 2005» VI Халықаралық балалар шығармашылығы байқауына қатысып «Гран-при» алып келді.

Мүгедек спортшылар арасында қол добынан «Энергетик» спорт кешенінде Республикалық турнир өткізілді.

«Біріккен бу қазандары» ААҚ банкrottтық салдарынан қаланың тұрмыс-тіршілігіне қажетті коммуналдық нысандарда апаттық жағдайларды болдырмау мақсатында, жылу көздері нысандарының жағдайын жедел түрде жақсарту үшін, 2005 жылдың 13 қыркүйегінен бастап Жаңаөзен қаласы әкімшілігі төтенше жағдай жариялау жөнінде 1162 қаулыны қабылдады.

2006 жыл. 23 ақпанда қаладағы жұмыссыздықты қысқарту үшін, әлеуметтік қорғау бөлімінде тіркеуде тұрған оралман азаматтарды қолдау мақсатында Төңірекшын аумағынан 200 га жерге қосалқы шаруашылықты ұйымдастыруға Жаңаөзен қаласы әкімшілігімен «ҚМГ» АҚ-ы арасында бірлескен шешім қабылданды. Егін суаруға арналған бір текшеметр суды 8 теңге бағасымен қамтамасыз ету мәселесін «ҚазТрансОйл» ААҚ өз жауапкершілігіне алды, «Өзен-мұнайгаз» ӨФ құбырлармен, ысырмалармен, арнайы техникалармен, және электр энергиясымен қамтамасыз етті.

20 қазан күні ҚР-да алғаш рет аудан мен қала әкімдерінің сайлауы өтті. Маңғыстау облысында Бейнеу ауданының әкімі болып Б.Әзербайханов, Жаңаөзен қаласында Ж.Бабаханов балалалық түрде сайланды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Отпан таудағы Адай ата кенесінің күмбез-

дерін жасатуға «Жанашыр» қорынан 18 млн. теңге, ауыз су ұңғыларынан қазуға 20 млн. теңге қаржы бөлінді.

Қалалық ішкі істер бөліміне 47 дана радиостанция, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және қорғаныс бөліміне «Жанашыр» қорынан екі автокөлік бөлінді.

Облыстық бюджет есебінен «Жедел жәрдем станциясына» 5 автокөлік сатып алынды.

Бұрынғы 100 орындық «Шипагер» емдеу-сауықтыру санаториясы ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, Облыстық балалар үйіне негізі ғимараты ретінде берілді.

Қарашада қазақ халқының шежіреші ақыны Өмірзақ Қалбаевтың 80 жас мерейтойы атап өтілді.

Желтоқсан айында қаламыздың «Гүлдәурен» би ансамблі Сауд Арабиясы еліне ҚР атынан барып, «Оманойл» компаниясының 10 жылдық мерейтойына қатысып, өз өнерлері көрсетті.

Жапония астанасы Токио қаласында қарат-додан өткен әлем чемпионатында Жаңаөзендегі Венера Жетібәева 2-ші мәрте чемпион атанды.

АҚШ-тың Лас Вегас қаласында өткен әлем чемпионатында А.Тажирова мен Т.Алибаева чемпион атанса, А.Қонаева күміс алқа тақты.

«Суперстар КЗ» республикалық конкурсында №3 мектептің 10 сынып оқушысы Алтынай Сапарғалиева 3-орын иеленді.

Құланды ауылында ат спортын дамыту мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның қаржылық демеушілігімен «Ипподром» салынды.

«Өркен» шағынауданында № 18 тұрғын үй пайдалануға берілді, ал Қызылсай ауылында бір қабатты үш үй салынып мүжәлсіз отбасыларына тапсырылды.

Орталық аурухана, перзентхана, балалар емханасы және жұппалы аурулар ауруханаларына арналған автономдық жүйедегі дербес жылу қазандығы іске қосылды және мың текше метрлік су резервуары қондырылды.

2007 жыл. Отпан тауда республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы мерекелік шара - Адай ата кенесінің ашылу рәсімі өтті.

Жаңаөзен қаласы әкімшілігі Адай ата кенесінің «Мәңгілік От» нысанына 14 млн. теңге қаражат бөліп, Жаңаөзен қаласы әкімшілігі тарапынан бөлінген жалпы қаржы көлемі 55 миллион теңгені құрады (күмбездерге 18 млн. теңге төленді).

Қаламыздың халық аспаптар оркестрі Босния-Герцеговинада өткен халықаралық фестивалға қатысты.

Қаламызда тұңғыш рет «Жедел Жәрдем Станциясына» арнайы жобамен ғимарат салынды.

Жаңаөзен қаласында 7000 орындық орталық стадионның құрылысы аяқталып іске қосылды, оған әйгілі желаяқ жерлесіміз Әмин Тұзақовтың есімі берілді. Ашылу рәсіміне облыс әкімі Қ.Көшербаев, Мәжіліс депутаты Г.Сейтмағанбетова, «ҚМГ» ҰК президенті Ұ.Қарабалин, «ББ» КМГ» АҚ бас директоры А.Балжанов, кенменгер жазушы - жерлесіміз Ә.Келдібаев, академик Қ.Салғарин және Ә.Тұяқов қатысты.

Сондай-ақ ашылу рәсіміне «Жаған Дала» ВИА-ның жетекшісі Марат Жариевтің шақыруымен атақты «ВолуМ» тобы өнер көрсетті.

Наурыз айында жасөспірімдер арасында еркін күрестен Р.Өтеесінов атындағы Халықаралық турнир өтті.

«Мұнайшы» МС-да, жерлесіміз ғалым-геолог О.Тұрмағанбетұлының 125 жылдығы облыс деңгейінде атап өтілді.

1 қыркүйекте Теңге поселкесінде 624 орындық № 17 мектеп пайдалануға берілді, бас мердігері «Ынта» ЖШС.

Ақтау қаласында «Маңғыстау жұлдыздары» атты фестивальға қаламыздың өнерпаздары қатысып орын алды, облыс әкімі Қ.Көшербаев «Ваз-2107» автокөлігін сыйға тартты.

Теңге поселкесінде даңқты батыр «Ер Қосайдың» 500 жылдығына орай жаңадан салынған мешітке «Қосай Ата» аты берілді.

2008 жыл. Тамыз. «Рахат -2» шағынауданында бюджет қаражаты есебінен салынған 960 орындық №18 орта мектеп пайдалануға берілді. Жеке кәсіпкер-ұстаз Т.А.Болат-

баева өз қаражаты есебінен Политехникалық колледждің жаңа ғимаратын іске қосты.

Кәсіпкер Ж.Дәрменовтың ұйымдастыруымен Гуманитарлық колледж ашылды.

«Арай» шағынауданында № 19 орта мектеп пайдалануға берілді.

Теңге ауылында жаңа балабақша пайдалануға берілді.

Орталық аурухана жанынан жаңадан бейімделіп салынған ғимаратқа жұппалы аурулар бөлімшесі көшірілді.

Өзен мұнайшылары қаражаты есебінен салынған, 3000 орындық «Дене шынықтыру-сауықтыру орталығы» іске қосылды, спорттық кешенге Р.Өтеесіновтің аты берілді.

Өзен мұнайшылары тарапынан, қоғамдық тәртіпті күшейту мақсатында Жаңаөзен қаласы ішкі істер бөліміне 10 автокөлік тегін бөлінді.

Желтоқсан айында № 19 орта мектепте 280 орындық Лицей мектебі пайдалануға берілді.

Қыркүйек. Астана қаласында «Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларын шешу жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған Кешенді Жоспары» бекітілді, Қазақстан үкіметінің 20.09.2008 жылғы № 865 қаулысына сәйкес бөлінген қаржы көлемі 39,4 млрд. теңгені құрады.

Жаңаөзен қаласы әкімшілігі тапсырысымен жасасқан Жаңаөзен қаласының 2008-2015 жылдарға арналған «Мастер Жоспары» облыстық Мәслихатта ресми түрде бекітілді.

Жер қойнауын пайдалануға арналған 1996 жылғы 31 мамырдағы № 40 Келісім-шартқа Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы мен Қаракия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымдарын дамытуға қаражат бөлу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №2 Келісімнің шарттарын іске асыру туралы Бас келісімге «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ-ы және Маңғыстау облысы Әкімдігі қол қойды, қоғамның осы келісім шарт бойынша жылда бөлетін қаражаты 900, 0 миллион теңгені құрайды.

Жаңаөзен қаласы аумағы арқылы Халықаралық автокөліктер жарысы ралли марафоны өтті, ұйымдастыру тобы мен қатысушы көліктер жергілікті уежайда орналасты.

Кендірлі демалыс орнында Ресей федерациясы президенті В.В.Путин мен Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бей ресми кездесуі өтті.

Жаңаөзенде Халық Банктің орталық ғимаратының құрылысы іске қосылды, оған Халық Банк төрағасы Г.Марченко арнайы келіп ашылу рәсіміне қатысты.

Желтоқсан. «Арай» шағынауданында жаңадан бюджет есебінен салынған 280 оқушыға арналған Лицей мектебі және 960 орындық орта мектептердің құрылысы аяқталып пайдалануға берілді.

Жаңаөзен - Оғыланды Ата тасжолының құрылысы басталды.

2009 жыл. 8 мамыр күні Шопан Ата зираты жанында Ұлы Жәніс күніне арналған Бәйге ұйымдастырылды; бас демеуші «Өзен-мұнайгаз» ӨФ-ы болды және жерімпаздарға бағалы сыйлықтармен қоса автокөлік берілді.

Желтоқсан. Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларын шешу жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған Кешенді жоспарға енбей қалған нысандарды қаржыландыруға Қазақстан Үкіметінің 9 желтоқсандағы № 865 қаулысына сәйкес қосымша 4,3 млрд. теңге қаржы бөлінді.

Жаңаөзен қаласының «Шаңырақ» шағынауданында Мұнайшылар аллеясы құрылысы басталды, қаржыландыруды Н.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық ұйымы іске асырды. Бас сәулетші - С.Назарбеков. Бұл жобаның идеялық авторы Н.Марабаев болды, іске асыруға атсалысқан түбекке белгілі азаматтар: К.Рзаханов, Н.Бекбосинов, А.Құлыбаев, С.Жылқайдаров, Л.Марабаева, Ж.Бабаханов, Қ.Жабаев және Ұ.Әбілов еді.

«Бостандық» шағынауданында № 20 бастауыш мектеп пайдалануға берілді және № 19 «Қарылғаш» балабақшасы пайдалануға берілді.

«Өркен» шағынауданында 50 пәтерлік № 64 екі тұрғын үй (ипотекалық) пайдалануға берілді.

Жаңаөзенде 3 жаңа балабақша құрылысы басталды.

2010 жыл. № 12 «Айгөлек» балабақшасы іске қосылды.

Өкпе ауруларын емдейтін аурухана іске қосылды.

2011 жыл. Құрылысы 2009 жылы басталған «Жұлдыз» шағынауданындағы № 21 орта мектеп пайдалануға берілді.

№14 «Шынар», № 15 «Әлия», №16 «Ертегі» балабақшалары кері қайтарылып пайдалануға берілді.

Қырым түбегіндегі Бүкілодақтық балаларды емдеу-сауықтыру орындарына 2003-2011 жылдар аралығында 7812 тегін оқушы балалар емделу жөнінде берілді.

Кенжебек Тұманбайұлының «Ел ардақтылары» атты кітабы «Курсив» баспаханасында 1600 данамен басылып шықты.

2012 жыл. № 17 балабақша пайдалануға берілді.

2013 жыл. Теңге ауылында «Назерке» балабақшасы ашылды.

«Маңғыстау мұғалімдері» энциклопедиясы Алматы қаласындағы «Арыс» баспасынан бір мың данамен басылып шықты.

2014 жыл. «Рахат» шағынауданында жаңа мектеп ашылды.

Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесіне орай «Неке Сарайы» пайдалануға берілді.

Елорда күніне орай қалада жаңа 100 орындық Перзентхана ашылды.

2015 жыл. № 12 мұнай - газ өндіру цехы ашылды.

«Шұғыла» ш/а «Адай» жекеменшік балабақша ашылды.

Кенжебек Тұманбайұлы. «Ел ардақтылары - Бұрғышылар», «Атамекен» - баспасы, тиражы екі мың дана.

Кенжебек Тұманбайұлы. «Бұрғылау - 50», мерейтойлық жинақ, тиражы 300 дана, «Курсив» баспасы.

2017 жыл. Атақты бұрғышы-мұнайшы Нәсіпқали Марабаевқа ескерткіш бюст ашылды.

2018 жыл. Гемодиализ орталығы ашылды.

Coworkind орталығы ашылды.

2020 жыл. Индетке қарсы күресте ерлікпен еңбек еткен дәрігерлерге мемориалды ескерткіш ашылды.

Заманауи медициналық орталық «Neiron - Med» ашылды.

«Маңғыстау облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің «Жаңаөзен қалалық филиалының» жаңа ғимараты ашылды.

2021 жыл. Кендірлі ауылы құрылды.

«Балақай» оңалту орталығы ашылды.

Арматура шығаратын қос кәсіпорын ашылды.

«Тәжік-Ауған» шекарасында ерен ерлік көрсеткен ардагерлер рухына арналған еңселі ескерткіш ашылды.

Эко-пункт ашылды.

2022 жыл. Кендірлі ауылдық Мәдениет үйі ашылды.

Жаңаөзен қалалық көпбейінді аурухананың жаңа ғимараты қызметін бастады.

2023 жыл. «Тәуелсіздік» алаңында даңқты мұнайшы Р.Өтеесіновке тік тұрған ескерткіші ашылды.

Қазан айында танымал, білікті маман дәрігер, үлкен жүрктің азамат, пандемия кезінде ел-жұртының амандығы үшін жанын пида еткен М.Сариев атындағы дәрігерлік емхана салтанатты түрде ашылды.

2024 жыл. Маңғыстау облысы әкімі болып Нұрдіәулет Қилыбай тағайындалды.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры болып Жанболат Саймағанбетов тағайындалды.

Қаракия ауданы Аққум жерінде тәулігіне 50 мың текше метр су тұщытатын станция құрылысы басталды.

Қазақстан мұнайшының 125 жылдық және Өзен кен орнының 60 жылдығына орай ҚР Президенті Қ.Тоқаев Ақордада ардагер, геолог-мұнайшы, қоғам қайраткері Н.Өтеесінов пен бұрғышы ардагер М.Өтебаевты «Құрмет» орденімен марапаттады.

Жалғас БАБАХАНОВ,
Қазақстанның құрметті құрылысшысы

WorldSkills International - кәсіби шеберлік алаңы

WORLDSKILLS KAZAKHSTAN - ЕЛІМІЗДЕГІ КӘСІБИ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЫ ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІҢ БАСТЫ ШЕБЕРЛІК АЛАҢЫ. ЖЫЛ САЙЫН ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК САНЫНЫҢ АРТУЫ БІЛІМ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ДОДАСЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫҢ АРТҚАНЫН КӨРСЕТЕДІ.



WorldSkills - жұмысшы мамандықтардың беделін арттыратын халықаралық жоба. Кез келген елдің табысты дамуы тікелей техникалық және кәсіптік білім беру сапасына байланысты. Электрик, сантехник, құрылысшы, машинист, механик, аспаз, дәнекерлеуші, шаштараз, IT мамандары сынды жұмысшы мамандық иелері - ел экономикасы мен индустриясының қозғаушы күші. Олар күн сайын қоғам өмірін қауіпсіз, сапалы, экологиялық таза әрі жеңіл етуге үлес қосып келеді.

Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі - еліміздің WorldSkills халықаралық қозғалысына қатысуы.

WorldSkills International (WSI) - жұмысшы мамандықтарының

беделін көтеру және кәсіби білім беруді дамыту мақсатында құрылған халықаралық коммерциялық емес ұйым. Бұл қозғалыс әлемдік үздік тәжірибелер мен кәсіби стандарттарға негізделген кәсіби шеберлік байқауларын ұйымдастырады. WorldSkills әлемдік чемпионаты екі жылда бір рет өткізіледі. Әр елдің ұлттық құрамасы 22 жасқа дейінгі жас білікті жұмысшылардан, колледж және университет студенттерінен құралады. Байқау барысында қатысушылардың кәсіби дайындығы 63-тен астам техникалық құзырет бойынша бағаланады. Олар құрылыс технологиялары, өндірістік және инженерлік технологиялар, апараттық және коммуникациялық технологиялар, шығармашылық пен дизайн, қызмет көрсету саласы және азаматтық

көлікке қызмет көрсету сияқты негізгі бағыттарды қамтиды.

WorldSkills тек кәсіби дағдыларды дамытып қана қоймай, осы салалардағы кәсіби стандарттарды қалыптастырады. Стандарттар әр елден жиналған тәжірибелі мамандар мен сарапшылардың қатысуымен әзірленеді. Қазақстан 2014 жылдан бастап WorldSkills International қозғалысының толыққанды мүшесі болып табылады.

WorldSkills Europe (EuroSkills) - 25 жасқа дейінгі жастар арасында өткізілетін Еуропадағы ең ауқымды кәсіби шеберлік жарысы. Бұл чемпионат 2008 жылдан бері екі жылда бір рет WorldSkills Europe ұйымына мүше елдердің бірінде ұйымдастырылады. EuroSkills чемпионаттары Еуропадағы кәсіптік білім берудің дамуына, кәсіби шеберліктің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етеді. Бұл алаңда әр елдің үздік жас мамандары, халықаралық серіктестер, өндіріс саласының өкілдері, мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдары бас қосады. Қазақстан EuroSkills қозғалысына 2016 жылы мүше болды.

Қазақстанның WorldSkills қозғалысына қосылуы ұлттық техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін халықаралық талаптарға сай қайта қарауға мүмкіндік берді. Халықаралық чемпионаттарға қатысу арқылы еліміз жұмысшы мамандықтарды даярлаудағы әлемдік үрдістерді зерделеіп, өз жүйеміздің бәсекеге қабілеттілігін бағалай алды. Болашақ жас мамандардың халықаралық аренадағы кәсіби шеберлігі - бұл кадр даярлау сапасының нақты көрсеткіші. Ол елдегі еңбек ресурстарының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, индустрия мен экономиканың дамуына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, мұндай жетістіктер Қазақстанның халықаралық деңгейдегі оң имиджін қалыптастырады.

ЖАҢАӨЗЕН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖИ

ЖЕҢІС БИІГІНДЕ

ЖАҢАӨЗЕН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ БАЙҚАУЛАР МЕН ЧЕМПИОНАТТАРҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСЫП, ЕЛЕУЛІ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕ. 2025 ЖЫЛЫ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ «DALASKILLS-2025» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСЫП, ЕРЕКШЕ НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ.



Тойлы Аружан Мақсатқызы «Ұлттық киім замануи дизайн» құзыреттілігі бойынша үшінші орынға ие болса, Спан Ғалия Рахимқызы «Ұлттық қолданбалы өнер, басқұр» құзыреттілігі бойынша екінші орынды иеленді. Ал Халбай Ғарида Жақсылыққызы «Ұлттық құрақ өнер» құзыреттілігі бойынша бірінші орынға қол жеткізді. Сонымен қатар, колледж студенттері «WorldSkills Kazakhstan - 2025» X республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында да жоғары нәтижелер көрсетті. Тұрдықожа Бақтияр «Бейнемонтаж» құзыреттілігі бойынша, Мариам Қуанбай «Цифрлық модельдеу» құзыреттілігі бойынша, Серсенбай Бақтияр «Электрмонтаж» құзыреттілігі бойынша, Кенжебай Адай «Бизнеске арналған IT шешімдер» құзыреттілігі бойынша «Ұздік маман» медальонына ие болды. Серсенбай Бақтияр сондай-ақ халықаралық аренада да Қазақстанның атын асқатқатты: ол Екатеринбург қаласында өткен «Хайтек: Навыки будущего» чемпионатында екінші орын алды.

Бұл жетістіктер колледж студенттерінің еңбекқорлығы мен кәсіби дайындық деңгейін көрсетеді. Олардың

белсенді қатысуы тек жеке жетістік қана емес, сонымен бірге Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарға сай дамып келе жатқанын дәлелдейді. Жаңаөзен политехникалық колледжінің студенттері осы жобаларға әрдайым белсенді қатысып, лайықты нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Олардың еңбегі - жастардың кәсіби дамуы мен елдің индустриялық прогресінің кепілі.

Менің ойымша, WorldSkills - жай ғана жарыс емес, бұл жастардың болашағына жол ашатын үлкен мектеп. Ол жұмысшы мамандықтарға деген көзқарасты өзгертеді, жастардың өз кәсібіне деген мақтанышын арттырады. Қазіргі таңда жоғары біліммен қатар, білікті жұмысшы болу - ел дамуының негізгі тіректерінің бірі. WorldSkills арқылы Қазақстанда еңбек адамының беделі өсіп, кәсіби білімнің жаңа деңгейі қалыптасып келеді. Бұл - мемлекеттің тұрақты дамуына, жастардың сапалы жұмыспен қамтылуына және экономиканың нығайуына бағытталған маңызды қадам.

Гулдана ТАДЖИБАЕВА,
Жаңаөзен политехникалық колледжі басшының өндірістік ісі жөніндегі орынбасары.

МАМАН КЕҢЕСІ

ҚЫЗЫЛША АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!

ҚЫЗЫЛША - КЕҢ ТАРАЛҒАН ЖІТІ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ, КӨБІНЕСЕ БАЛАЛАР АУЫРАДЫ, ДЕНЕ ҚЫЗУЫНЫҢ 38-40°C ДЕЙІН КӨТЕРІЛУ, МҰРЫН, КӨЗ, ТАМАҚ ҚАБЫНУ, ТЕРІДЕ БӨРТПЕ ПАЙДА БОЛУ БЕЛГІЛЕРІМЕН СИПАТТАЛАДЫ.



Қызылша бүгінгі күні ең жұқпалы аурулардың бірі. Бұл инфекцияға шалдыққыштық 100% - ол дегеніміз, егер бұрын қызылшамен ауырмаған және егілмеген адам қызылшамен ауырмаған адаммен қарым-қатынаста болса, ауру жұқтыру қаупі өте жоғары. Сол үшін де еке мерзімін қатаң сақтау және инфекция ошағында эпидемияға қарсы шаралар жүргізу өте маңызды.

Қызылшаның белгілері:

Аурудың өрбу кезінде анықтау қиындық туғызбайды. Теріде қызылша бөртпелері

шықпай тұрғанда, науқастың қызылшамен ауыруы ортада болуы, тамағындағы қабыну, көздің қызаруы, ұртта Бельский-Филатов-Коплик ақшыл бөртпелердің пайда болуы диагнозды растайды. Кейін теріде үш күнде біртіндеп шыққан бөртпелер диагнозды толық дәлелдейді.

Инкубациялық кезең - жұқтырғаннан бастап алғашқы белгілері байқалғанша, 7-ден 14 күнге дейін. Есте сақтау керек: ауру бөртпе пайда болып басталмайды, суық тию белгілері сияқты басталады - дене қызуы 38-40 градусқа көтерілу, әлсіздік, тәбет тартпау, құрғақ жөтел,

мұрыннан су ағу.

Соңынан конъюнктивит - көзі қызарып қабыну пайда болады. Алғашқы белгілері байқалып, шамамен 2-4 күннен кейін ауыз қуысында ақыл тістеріне қарсы ұсақ ақшылдау бөртпелер пайда болады. 3-5 күні бөртпелер айқын дақ түрінде қаптап, көбейіп кетеді. Құлақтың түбінен, маңдайдан бастап, ары қарай бүкіл денесін жауып кетеді. Ұсақ қызғылт дақтар үлкейіп, бір-бірімен қосылып, формасы өзгереді. Бөртпе пайда болып, 2-3 күннен кейін дақтар өршіп тұрған кезде дене қызуы тағы да көтеріліп, 40,5 градусқа жетуі мүмкін. Бөртпе 4-7 күн тұрады. Олар жоғалған соң, орнында қоңырлау дақтар қалады, екі аптадан соң тері тазараяды.

Аурудың себептері:

Берілу жолы - ауа-тамшы арқылы. Вирус сөйлескенде, жөтелгенде, түшкіргенде ауру адамның сілекейінен сыртқы ортаға түседі.

Инфекция көзі - төртінші күн бөртпін ауырып жүрген адам. Бесінші күннен бөртпін жүрген адамнан жұқпайды. Ауырып, жазылған адамда өмір бойға иммунитет сақталады. Анасы қызылшамен ауырып қойған балада туғаннан 3 айға дейін шалдығу болмайды, өйткені осы уақытта оның қанында сақтайтын анасының қарсы денелері сақталады. Қызылшамен ауырмаған және егілмеген адамда өмір бойы ауруға шалдығу қаупі кез-келген жаста болады.

Асқынуы.

Асқыну көбінесе 5 жасқа дейінгі балаларда немесе 20-дан асқан ересектерде болады. Кең таралған түбі - құлақ ортасының қабынуы (отит), бронхопневмония, мойын лимфа түйіндерінің қабынуы, ларингит, энцефалит. Өкінішке орай, асқынулар болып тұрады, сондықтан да ауруды қатаң медициналық бақылау керек, учаскелік дәрігер пациентті күніне бірнеше рет қарау керек. Қызылшаға деген секем туа сала, дереу дәрігерге қаралу қажет. Бұл тек қана диагноз

қою мен емдеу үшін ғана емес, ауырып адамның ұжымында, айналасында эпидемияға қарсы шаралар жүргізу үшін өте маңызды.

Алдын алу.

Қызылшаның алдын алуға тиімді де сенімді шаралардың бірі - егілу. Қызылшадан егілу сақтану иммунитетін қалыптастырады. Бірінші екепе бала 1 жаста, екінші екепе бала 6 жаста болғанда жүргізіледі. Қызылша пайда болса, ауырып адам болған инфекция ошағында, ұжымда эпидемияға қарсы шаралар жүргізіледі. Инфекция ошағында күн сайын аурумен қарым-қатынаста болған адамдарды тексеріп, термометрия жүргізеді. Жұқтырған адамдар болса дереу оқшаулайды. Қызылша, қызамыққа және шошқа мойынға (ҚКП) қарсы екепе бұл аурулардан сақтайды!

Қазіргі таңда қызылша ауруымен күрес және алдын алу, осы аурудың асқынуынан сақтану ола вакцинация екенін ұмытпаған жөн. Қызылшадан вакцинация арқылы қорғануға болады. Қызылша, қызамыққа және шошқа мойынға (ҚКП) қарсы екепе бұл аурулардан сақтайды! Туберкулез, лимфома, лейкоз ауруларымен ауырып найқастарға, жүкті әйелдерге, сонымен қатар ИТВ жұқпалы дертін жұқтырғандарға тірі вакцинация жүргізілмейді. ҚКП екепесі қауіпсіз. ҚКП екепесін алған адамдардың көпшілігінде қолайсыз жағдайлар байқалмайды. Өте сирек кездесетін егуден кейінгі қолайсыз жағдайлар дене қызуының көтерілуімен ғана шектелуі мүмкін, ал денеден бөртпе пайда болып немесе құлақ айналасындағы және сілекей бездерінің ісінуі одан да сирек кездеседі. Бұл қолайсыз жағдайлар егуден кейін 7-12 күн ішінде жойылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес қызылша ауруына 1 және 6 жас аралығында екі реттік вакцинация жүргізіледі.

Құрметті ата-аналар! Қызылшаға қарсы вакцинация Сізді және Сіздің балаларыңызды аурудан қорғайды және болашақтағы дені сау ұрпақтың кепілі болып табылады.

Балданай ҚОЖАБЕРГЕНОВА,
Жаңаөзен қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы.

ШАШАҚТЫ НАЙЗА ШАЛҚАР КҮЙ

ДИНА НҮРПЕЙІСОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 165 ЖЫЛ

ДИНА НҮРПЕЙІСОВА - ҚАЗАҚТЫҢ АТАҚТЫ КҮЙШІ-КОМПОЗИТОРЫ. 9 ЖАСЫНДА «ДОМБЫРАШЫ ҚЫЗ» АТАНҒАН ДИНА НҮРПЕЙІСОВА ЖАСЫ 90-НАН АСЫП ҚАЙТЫС БОЛҒАН.



Күйші-композитор, қазақ музыка мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, Қазақ КСР Халық әртісі Дина Нұрпейісова Бағыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Бекетай құмы деген жерде дүниеге келген.

- Дина 1870 жылы өнерде алғаш тұсауын кескен ұстазы Құрманғазы Сағырбайұлымен кездеседі. Жас талантың домбырада ойнауын қадағалап, бағыт-бағдарын байқаған дәу-лескер күйші одан болашақта үлкен өнер иесі шығатындығына көзі жетіп, өзінің батасын берген екен. Дина Нұрпейісованың домбырада орындаушылық өнеріне қайран қалған композитор Ахмет Жұбанов: «Дина ұзын да сүйріктей саусақтарымен домбыра пернесінде, сағағында небір алишәк пернелер аралықтарын ешбір мүтіксіз алады. Симфония сазындай сиқырлы әуен 62 тамырыңды бойлата, шымырлата, буырқана небір әсерге түсіреді» деген екен, - дейді Қазақстан тарихы бөлімінің ғылыми қызметкері Ғалия Ақпанбекова.

Жетпістен асқан шағында Дина Кенжеқызы

күйлерін нотаға түсіріп, күйтабаққа жаздырып, 2 рет Одақ денгейіндегі байқауға қатысқан. 1937 жылы халық өнерпаздарының республикалық сайысында бірінші жүлде алған Дина Нұрпейісова, 1939 жылы Мәскеуде ұйымдастырылған Бүкілодақтық халық аспаптары орындаушыларының байқауында, ал 1944 жылы 83 жасында Орталық Азияның бес республикасы арасында Ташкент қаласында өткен өнердодасында жүлделі орындарға қол жеткізгені тарихтан белгілі. Динаның қанатты өнері халқының рухани асыл қазынасы ретінде халқымызға әрқашан қызмет көрсете бермек.

Тамара ХАСАНОВА, Орталық кітапхана библиографы.



ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНЕН

НАЗАР АУДАР!



Қыс мезгілінде жылыту құралдарын пайдалану көбейгендіктен, өрт шығу қаупі артады. Өрттің алдын алу үшін төмендегі талаптарды сақтаңыз:

Жылыту пештері мен құралдары
Пештер мен түтін жолдарын қыс басталмай тұрып тексеріп, тазаланыңыз. Пешті қатты қыздырып жібермеңіз. Пештің алдына жанғыш заттар қоймаңыз. Жарықтары бар, ақаулы пештерді қолданбаңыз.

Электр қауіпсіздігі
Электр сымдары мен розеткалардың жарамдылығын қадағалаңыз. Бір розеткаға бірнеше қуатты құрал қоспаңыз. Өздігінен жасалған электр жылытқыштарды пайдаланбаңыз. Үйден шығарда электр құралдарын сөндіріңіз.

Газ және сұйық отын
Газ жабдықтарын тексерілген, рұқсат

етілген түрін ғана қолданыңыз. Газ иісін сезсеңіз, дереу газды өшіріп, терезені ашыңыз. Баллондарды жылыту құралдарының жанына қоймаңыз.

Тыйым салынады
Пешті қараусыз қалдыруға. Балаларды жылыту құралдарының қасына жалғыз қалдыруға. Киім-кешекті пештің үстінде кептіруге.

Төтенше жағдайда
Өрт шыққан жағдайда 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз. Сабыр сақтап, адамдарды қауіпсіз жерге шығарыңыз.

Есіңізді болсын: Өрттің алдын алу - әр азаматтың міндеті. Өз өміріңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

БИСЕНБАЕВ.Б.
Жаңаөзен қаласы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына келісімшарт бойынша әскери қызметке іріктеу және жұмысқа шақыру жүргізілуде.

Әскери қызметке 18 бен 32,6 жас аралығындағы әскер қатарында болған, білімі орта, арнаулы және жоғары білімі бар (жүргізуші куәлігі В, С немесе В, С, Д, Е) сержанттар мен сарбаздарды және запастағы офицерлерді шақырады.

Әскери қызмет басымдылықтары: лайықты айлық ақының кепілдендірілген және уақытылы төленуі, тұрғын үй жалдау өтемақысын мемлекет есебінен төлеу, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне әскери медициналық көмек және ҚР Заңына сәйкес басқа да жеңілдіктер қарастырылған.

Жыл сайын демалыс беріледі. Келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып жыл сайынғы негізгі демалыс беріледі. Демалыс ұзақтығы күнтізбелік есептеуде еңбек сіңірген жылдарына байланысты белгіленеді.

Қосымша демалыстар. Оқу демалыстары жоғары оқу орнына түсуге емтихан тапсырушыларға беріледі. Оқу ақысының жартысын мемлекет өзі көтереді. Егер келісімшарт негізіндегі әскери қызметкер күнтізбелік есеп бойынша сегіз жыл әскерде сарбаз (мотрос), сержант (старшина) болса, ҚР оқу орындарының біріндегі ақылы негізде оқуға жұмсалатын шығындарын бюджет қаражаты есебінен оқыту құнының 50 пайызы мөлшерінде өтеуге құқылы.

Әскери қызметшілердің балалары тұрғылықты жерлері бойынша мектепке дейінгі мекемелерге (балабақшаға) кезексіз қабылданады.

Келісімшарт бойынша әскери қызметкер ниет білдірушілер барлық сұрақтар бойынша мына мекен-жай бойынша күтеміз: Жаңаөзен қаласы, «Мұнайлы» ш/а, С.Ысқақов көшесі, 3 ғимарат. Байланыс телефондары: 8(72932) 55021.

Жаңаөзен қаласының және Қарақия ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бургылау» ЖШС «Бургылау» ЖШС пайдалану кезеңінің қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылаулар 2026 жылғы 17 ақпаннан бастап 2026 жылғы 23 ақпанға дейін ақпараттық жүйе порталында өтеді: <https://ndbecology.gov.kz> / «жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде.

Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйе порталында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>.

Бастамашы - «Бургылау» ЖШС, тел.: 8 777 674 6262, эл. мекен-жайы: b.sakhieva@burgylau.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші - «ЕКО BISS» ЖШС, Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, 56, тел.: 8 701 7973833.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйе порталында көрсетілген күндері қабылданады: <https://ndbecology.gov.kz/> және мекен-жайы бойынша: eco_biss@mail.ru.

(40)

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Бургылау» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту «Раздел охраны окружающей среды периода эксплуатации ТОО «Бургылау»».

Публичные обсуждения состоятся с 17 февраля 2026 года по 23 февраля 2026 г. на портале Информационной системы: <https://ndbecology.gov.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале Информационной системы: <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор - ТОО «Бургылау», тел.: 8 777 674 6262, эл. адрес: b.sakhieva@burgylau.kz.

Разработчик проектной документации - ТОО «ЕКО BISS», г. г. Астана, пр. Бөгенбай батыр, 56, тел.: 8 701 7973833.

Все замечания и предложения принимаются в указанные дни на портале Информационной системы: <https://ndbecology.gov.kz/> и по адресу: eco_biss@mail.ru.

ӨРТ СӨНДІРУ АРНАЙЫ АВТОКӨЛІКТЕРІНЕ ЖОЛ БЕРУ -

әр азаматтың міндеті

ӨРТ СӨНДІРУ АВТОКӨЛІКТЕРІ ДАБЫЛ ШАМЫН (МАЯК) ЖӘНЕ ДЫБЫСТЫҚ БЕЛГІСІН ҚОСЫП ҚОЗҒАЛҒАН КЕЗДЕ, БАРЛЫҚ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР ОЛАРҒА КЕДЕРГІСІЗ ЖОЛ БЕРУГЕ МІНДЕТТІ.

НЕЛІКТЕН БҮЛ МАҢЫЗДЫ?

Өрт кезінде әрбір секунд қымбат; Кешігу - адамдардың өміріне, мүлікке қауіп төндіреді;

Құтқарушылардың уақытында жетуі өрттің таралуын тоқтатады.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР НЕ ІСТЕУІ КЕРЕК?

Жолдың шетіне шығып, тоқтап жол беру; Қиылыстарда бірінші өткізу;

Арнайы көліктің артынан еріп жүруге немесе кедергі келтіруге болмайды.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Өрт сөндіру көлігіне жол бермеген жүргізушілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартады.

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ.

ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

«ҚУАНЫШТЫ КҮН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА МО АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» КММ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ӨКІЛДІГІНІҢ ЖӘНЕ ӘКІМДІК ЖАНЫНДАҒЫ АНАЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА КАСПИЙ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ КОЛЛЕДЖІНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ КӨНЕНІҢ КӨЗІ, ҚАЗАҚТЫҢ МӘДЕНИ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДӘРІПТЕУ МАҚСАТЫНДА, СҰРАНЫСҚА ИЕ ТАҚИЯ МЕН «ДЕОДЕМА» ЖАСАУДАН ТЕГІН ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ ӨТТІ.

Мақсат, жастарды ұлттық рухты сезінуге, өз бетімен жұмыс жасауға, өнерді бағалауға, ұқыптылыққа, әсемдікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Қолданбалы өнер - көптеген елдердің шеберлерінің, суретшілерінің шығармашылық жемісі. Ол киімдерді, интерьерді әшекейлеу нәтижесінде кісінің көңіл-күйін көтереді. Қол бұйымдарына тұтынушылар сұранысының өсуі бұйымдардың түрлерін көбейтуге, оның сәндігін түрлендіруге және әдістерін көбейтуге көмектеседі.

Ертеде халқымыз тұтынатын бұйымдарының бәрін қолөнермен әшекейлеп безендірген. Сол сияқты қазақ халқының қолөнерінің

өмірге келуі халықтың көшпелі өміріне байланысты. Атадан баласына, анасынан қызына мирас болып келе жатқан сәндік өнердің өзі ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Аталарымыз қызымыз бен ұлымыз «сегіз қырлы, бір сырлы» болуын қадағалаған. Әсіресе қыз балаға: ине сабақтап, түйме қадау, кесте тігуді, ас пісіруді үйретсе, ұл балаларға таспа тілу, өрім тоқу, мал сою және мүшелеуді үйреткен. Бүгінгі күннің талабына сай қолөнер түрлері де сан алуан.

Раушан ӘЛІЕВА, Жаңаөзен қаласы қоғамдық келісім өкілдігінің қызметкері.

ӘКЕ - БАЛАҒА ТІРЕК, ОТБАСЫНА - ӨНЕГЕ

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ №5 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНДА «ӘКЕ - БАЛАҒА ТІРЕК, ОТБАСЫНА ӨНЕГЕ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӘКЕЛЕР ФОРУМЫ ӨТТІ.

Іс-шараны мектеп директоры Күләш Жүгенбаева ашып, форумға қатысқан әкелерге алғысын білдірді. Сондай-ақ, жиынға Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің бала құқығы және тәрбие секторының жауапты маманы Елдос Базарбаев қатысып, әкенің отбасындағы және бала тәрбиесіндегі рөлінің маңыздылығына тоқталды. Форумның негізгі мақсаты - қазіргі қоғамдағы әкенің рөлін арттыру, отбасындағы жауапкершілікті



күшейту, бала тәрбиесіндегі әкенің орны мен ықпалын насихаттау.

Іс-шара барысында Жаңаөзен қалалық әкелер одағының атқарушы хатшысы, Отбасын қолдау орталығының психологы Ерлан Калиев «Бала тәрбиесі - болашаққа ең үлкен инвестиция» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар Жаңаөзен қаласының қоғамдық кеңес мүшесі Әділет Абишаев «Отбасылық құндылықтар, отбасындағы әкенің рөлі» тақырыбында өз ой-пікірін ортаға салды.

Форум барысында қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды. Сонымен бірге

әкелер балаларымен бірге эстетика бірлестігі ұйымдастырған арт-терапия элементтерімен шығармашылық тапсырмаларға қатысып, «Бақытты отбасы» тақырыбында сурет салды.

Сондай-ақ, дене тәрбиесі бірлестігі ұйымдастырған «Әке ойы - балаға бағыт» тақырыбындағы спорттық-танымдық ойындар мен тарих және география пәні мұғалімі Айбек Достанов ұйымдастырған АІҚАР QUIZ интеллектуалдық ойыны әкелердің қызығушылығын арттырды.

Дарина АҚБЕРЕН:

АНАЛАР ФОРУМЫ

«МЕЙІРІМ МЕКЕНІ - АНА ЖҮРЕГІ» - ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

ӨТКЕН АПТАДА Қ.КҮРЖІМАНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №8 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ «МЕЙІРІМ МЕКЕНІ - АНА ЖҮРЕГІ» АТТЫ АНАЛАР ФОРУМЫ ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, МАЗМҰНДЫ ӘРІ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЗОР ШАРА РЕТІНДЕ ӨТТІ. ФОРУМНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ - АНАНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ, ОТБАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІН ДӘРІПТЕУ, МЕКТЕП ПЕН АТА-АНА АРАСЫНДАҒЫ БЫНТМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ БОЛДЫ.



Форум қонақтарды қарсы алу бөлімінен басталды. Жай әуенмен сүйемелденген бұл сәтте аналар тіркеуден өтіп, мектепте ұйымдастырылған көрмені тамашалады. Бұл бөлім қатысушыларға жылы атмосфера сыйлады.

Форумның ашылу рәсімінде жүргізушілер ананың қоғамдағы орны туралы әсерлі сөз сөйлеп, шараның маңызын атап өтті. Мектеп директоры Нұрқасым Турсабеков құттықтау сөз сөйлеп, аналардың өзінше жоғары баға берді.

Келесі кезекте өткен «Ана жүрегінің күші» психологиялық тренингінде мамандар аналарға рухани қолдау көрсетіп, отбасындағы үйлесімділік пен сабырлықтың маңызын түсіндірді.

Ақпараттық бөлімде «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндама жасалып, мектепте атқарылып жатқан тәрбие жұмыстары таныстырылды. Үлгілі аналарға Алғыс хаттар табысталды.

Форумның қызықты әрі мазмұнды кезеңдерінің бірі - «Ана болу - супер қабілет» атты квиз ойыны болды. Бұл бөлімде

аналар өз білімдері мен тапқырлықтарын сынап, белсенділік танытты.

Одан кейін өткен «Ана сый» колөнер шеберханасында қатысушылар өз қолдарымен естелік сыйлықтар жасап, шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

«Ана көзімен» айдары барысында аналар ашық пікір білдіріп, бала тәр-



биесіне қатысты ойларымен бөлісті. Сұрақ-жауап форматы еркін диалогқа жол ашты.

«Өнеріміз анаға» бөлімінде мектеп хоры әсерлі ән орындап, аналарға музыкалық тарту жасады.

Келесі кезекте ұйымдастырылған «Бала - айна» тренингінде ата-ана мен бала арасындағы байланыс, бір-біріне деген түсіністік мәселелері талқыланды.

Аналар қараөкесі бөлімінде барлық қатысушылар бірге ән айтып, көтеріңкі

көңіл-күй сыйлады.

Форум қорытынды сәтпен аяқталып, ұйымдастырушылар тарапынан аналарға алғыс айтылып, ізгі тілектер жолданды.

Шараға арнайы шақырумен келген құрметті қонақтар - «Аманат» партиясы Жаңаөзен қалалық филиалы хатшысының орынбасары Айсұлу

Исаева мен «Жаңаөзен» газетінің редакторы Гүлназ Белекбаева форумға қатысып, жылы лебіздерін білдіріп, аналардың қоғамдағы рөлі туралы құнды ойларымен бөлісті. Форум барысында өткен әрбір бөлімнің мазмұнды әрі сапалы өтуіне мектеп мұғалімдері мен психологтары өз үлестерін қосып, кәсіби шеберліктері



мен жауапкершіліктерін көрсетті.

Бұл іс-шараны қамқоршылық кеңестің мүшесі, ардагер ұстаз музыка пәні мұғалімі Д.Хасенова ұйымдастырды. «Мейірім мекені - Ана жүрегі» форумы - аналарға деген құрметтің, мейірім мен тәрбиенің, отбасы мен мектеп арасындағы берік байланыстың жарқын көрінісі болып, қатысушылардың жүрегінде ұзақ сақталары сөзсіз.

Шам ШЫРАҚ.

ЖАҢА КІТАП

ЖАСҚА ДА, КӘРІГЕ ДЕ ҚЫЗЫҚ КІТАП

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ, ЕҢБЕК ЕРІ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫ ТУРАЛЫ «ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ КІМ?» АТТЫ КІТАП ШЫҚТЫ.

Авторы - Жаңаөзен қаласының түлегі, жас ақын, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, PhD докторант, Yessenov University аға оқытушысы Бақтыбай Жайлау. Оның бұл туындысы - біздің өңіріміз үшін, жалпы қазақ елі үшін маңызды оқиға болды. «Mazmundama» баспасынан 2000 дана таралыммен жарық көрген кітап 144 беттен тұрады. Мазмұнына сай иллюстрациямен безендірілген. Кітаптың шығуына демеушілік еткен - жаңаөзендік мекенат, «Жанарыс» ЖШС бас директоры Жаңбырбай Дәрменов.

«Әбіш Кекілбайұлы кім?» атты жаңа кітап - кемеңгер тұлғаны жан-жақты таныстыруға бағытталған құнды еңбек. Әсіресе, кітаптағы біз үшін маңызды тараулардың бірі - 1989 жылғы Жаңаөзен оқиғасы кезіндегі Әбіштің азаматтық ұстанымы. Маусым оқиғасы кезінде Ә.Кекілбаев бастаған зиялы қауым өкілдері халықтың амандығын ойлап, шұғыл Жаңаөзенге жеткен. Олар қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайды жан-жақты зерттеп, биліктің қатекемшіліктерін тізіп берді. Орталықтан шығатын газеттерге орысша, қазақша мақалалар жариялады. Шерушілерді тоқтамға шақырып, бейбіт тартуға оң ықпал етті. Бұл Әбіш Кекілбайұлының туған халқына жанашырлығы мен қайраткерлік болмысын айшықтайды.

Оның қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге құл салғаны, ҚР Егемендігі мен Тәуелсіздігі туралы Декларацияны қабылдауға тікелей араласқаны - мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі ұлтқа қызмет етудің мәнін терең түсінгенін көрсетеді.

Бақтыбай Жайлаудың бұл кітабы - жас ұрпаққа құнды қазына, егде жастағы оқырмандар үшін де тартымды туынды. Жастарымыз сондай ұлы тұлғаның өмірінен үлгі алып, туған жеріне, еліне еңбек етудің биік мәртебесін сезінсе дейміз. Кітап ұлтқа қызмет кылудың мәнін түсіндірумен қатар, оқырманға кемеңгердің

болмысын және рухани пайымдарын таныстыруға бағытталған. Кітапты оқып, Әбіш Кекілбайұлының балалық шағынан бастап, өмірінің соңына дейінгі жүріп өткен жолын танып-білуге болады. Десек те, Б.Жайлаудың бұл кітабы - жай ғана өмірбаян емес, ұлттық сананы тәрбиелеуге арналған еңбек. Кітаптың ең басты ерекшелігі - кейіпкерді асқақ тұғырға қойып, көз жетпесқаһарман жасамайды. Керісінше, оны адам ретінде, тағдырлы бала, ізденімпаз жас, қиындықпен күрескен азамат ретінде көрсетеді. Автор оқырманды сырттай тамсандыруды емес, ішкі әлемге жетелеуді көздейді. Сол арқылы «ұлы тұлға қалай қалыптасты?» деген ең күрделі сұраққа жауап береді.

Әбіш Кекілбайұлының балалықшағы-Маңғыстаудың қатал табиғатымен, ауыр тұрмысымен, соғыс жылдарының зардабымен сабақтас. Әкесінен ерте айрылған, жоқшылықты көріп өскен бала Әбіштің бойындағы зеректігімен еңбекқорлығы, кітап оқуға құштарлығы - бүгінгі жас ұрпақ үшін дайын мотивациялық дәріс іспетті. Автор сол кезеңдерді әсірелеусіз, бірақ терең сезіммен суреттейді.

Кітапта Әбіштің ерте есейгені, қоғамдық мәселелерге жас күнінен араласқаны, әділдікке жаны жақ болғаны нақты деректермен көрсетіледі. Әсіресе, мектеп оқушысы бола жүріп газетке мақала жазуы, әділетсіздікке қарсы үн қатуы - бүгінгідей бәріне бейжай қарайтын дәуірде ерекше ой салатын тұстар.

Еңбекте Әбіш Кекілбайұлының студенттік кезеңі мен әдеби ортаға келуі де кең қамтылған. Мұхтар Әуезов сынды алыптардың алдын көріп, солармен рухани сабақтастық орнатуы - оның тұлға ретінде қалыптасуындағы шешуші кезең екені айқын көрсетіледі. Автор бұл тұста дерек пен пайымды шебер ұштастыра алған.

Маңыздысы - кітапта Әбіш тек «жазушы» немесе «мемлекет қайраткері» ретінде ғана емес, ұлтқа қызмет етудің үлгісі ретінде ұсынылады. Қай қызметте жүрсе де, ол өз



ұстанымынан таймаған, арзан популизмге бармаған, уақыттың емес, ардың сөзін сөйлеген азамат ретінде сипатталады.

Бүгінгі ақпарат тасқыны мен жеңіл мәтіндер дәуірінде мұндай кітаптардың орны белек. «Әбіш Кекілбайұлы кім?» - жас оқырманға бағыт-бағдар беретін, орта буынға ой салатын, аға ұрпаққа жауапкершілік жүктейтін еңбек. Бұл кітапты оқу - ұлы тұлғаның өмірімен таныстырумен ғана шектелмейді, өз-өзіне сұрақ қоюға, оған жауап іздеуге жетелейді.

Кітапта тест сұрақтары, талқылау тақырыптары берілген. Бұл оқушылар мен мұғалімдер үшін пайдалы құрал. Әбіш Кекілбайұлы - Маңғыстаудың мақтанышы, қазақ әдебиетінің биік белесі. Оның өмірі - еңбекқорлық пен талапкерлікке, ұлтжандылық пен адамгершілікке өнеге. Бұл кітапты оқу арқылы жас ұрпақ үлкен тұлғаның рухани әлемімен танысады.

«Әбіш Кекілбайұлы кім?» кітабы - әрбір қазақ үйінде болуға тиіс еңбек. Оны мектеп оқушылары, студенттер, әдебиет сүйер оқырмандар міндетті түрде оқуы керек.

Осы орайда Қ.Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық кітапханасының балалар бөлімі жаңа кітапты оқығандар арасында жарыс ұйымдастырып жатыр. 5 ақпан күні өтетін кішкентай оқырмандардың облыстық байқауына қатысуға өтініш берген үміткерлердің төм көп болып, оны екі кезеге бөліп өткізу туралы оң шешім қабылдануының өзі - ата-аналар мен мұғалімдерді де, оқушыларды да қатты қуантып отыр.

Іске сәт дейміз.

Гүлназ БӨЛЕКБАЕВА.

Меншік иесі:

MAŃGYSTAY MEDIA

Директор:
Әнуарбек
БИМАҒАНБЕТ.

Қабылдау бөлімі тел/факс:
20-48-34.
office@manngystay.kz

ЖАҢАӨЗЕН

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 6 ақпан 2013 жылы тіркеліп, №13359-Г куәлігі берілген.

Редактор: Гүлназ БӨЛЕКБАЕВА.
Кезекші редактор: Мадина ӨТЕЖАНОВА.

Аға дизайнер: Гүлсім ЕРБӨЛЕКОВА.

Тілшілер: Жансая КЕЛДІБАЙҚЫЗЫ.
Мадина ӨТЕЖАНОВА.

Дизайнер: Шолпан БАТЫРХАНОВА.

А - жариялау ақысы төленген.

Таралымы: 3535 дана.

Газет редакцияда теріліп, беттелді.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды
060005, Атырау қаласы,
Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
тел: 8 7122 458-660; 586-392.

Тапсырыс нөмірі: 0100.

Газет аптасына 1 рет
жұма күні шығады.

• Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
• Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
• Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
• Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.